


«Бекітемін»

№1 «Ақерке» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісінің міндетін уақытша
атқарушы: *Т. Жусупова*



«Түстер әлемі»



Тәрбиеші: Толыбай Ж

Қазалы қаласы
2023-2024 оқу жылы

Тәрбиеші: Толыбай Жазира
«Айгөлек» ерте жас тобы

Тақырыбы: «Түстер әлемі»

Мақсаты: Балаларды негізгі төрт түспен таныстыру және топтастыруға үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк. Түстерді танып-білуге, ажырата атауға үйрету. Ойын арқылы сенсорлық ойлау қабілетін, ұсақ қол моторикасын, көру арқылы есте сақтау және қиял ойлау қабілеттерін дамыту. Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, ойын тапсырмаларды орындау. Балалардың танымдық қабілеттерін, зейінін сенсорлық ойлау қабілеттерін дамыту.

Әдіс-тәсілдер: Ойындар, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Көрнекіліктер: түрлі-түсті шариктер, құтылар. Түрлі-түсті ойыншықтар

Шаттық шеңбері:

Біз әдепті баламыз

Айтқан тілді аламыз

Алғаш келген қонақпен

Амандасып аламыз.

Кіріспе бөлім:

Ғажайып сәт:

Көңілді әуенмен Сайқымазақ келеді.

Сәлем, сәлем балақайлар!

-Балалар көңіл күйлерің қалай?

Неткен сүйкімді балақайлар!

Балалар мен түстер әлемінен келдім. Сендерге көптеген ойын тапсырмалар ала келдім.

Негізгі бөлім:

Сайқымазақ:

-Балалар, сендер менімен ойын ойнағыларың келе ме?

-Иә

Ең әуелі түстер мен танысып алайық.

Қызыл, жасыл, сары, көк

-Қане, менімен бірге қайталаңдар

Түстерді қайталау. (мультимедиа арқылы) Сары түспен таныстыру.

-Балалар бұл ненің суреті

Дұрыс айтасындар күн. Күннің түсі қандай?

- Сары
- Бұл ненің суреті?
- Алма
- Түсі қандай?
- Қызыл
- Бақа

- Түсі жасыл
- Бұлт
- Түсі көк

Жарайсыңдар балалар!

-Балалар, қарандаршы мына жерде де сайқымазақ бар екен. Бірақ ол көңілсіз. Себебі түрлі-түсті шарларын жоғалтып алыпты. Біз сайқымазаққа көмектесейік. Қане түрлі-түсті шарлар жинап берейік.

Ойын: «Түстерді тап»

Шарты: Балалар Сайқымазаққа негізгі төрт түсті шариктерді жинап береді.

-Жарайсыңдар балалар!

Сайқымазақ

-Рахмет сендерге балалар!

Ойын: «Түстерді топтастыр»

Шарты: Балалар түрлі*-түсті ойыншықтарды түсіне қарай жинап топтастырады.

Ойын: «Түсіне қарай жина»

Шарты: Балалар доптарды түсіне қарай жинайды.

Сергіту

Бала бала балақан

Қане қайсы алақан

Саусақтары әйбат

Былай – былай ойнат.

Қорытынды бөлім:

Балалар алманың қызыл, күннің сары, бақаның жасыл, бұлттың көк болатынын білді.

Бағалау

Сайқымазақ:

-Жарайсыңдар балалар!

-Балалар өздеріне ұнаған құтыны таңдай қойыңдар бізге жасырынға не бар екен?

(Түрлі-түсті тәттілер шығады)

- Сау болыңдар балалар!

Мүстөр әлемі



Бекітемін : _____



№1 «Ақерке» бобекжай балабақтасының

уақытша меңгерушісі: Г.Жусупова



«Қоқысты сұрыптап үйренейік»

«Балауса»кіші жас тобы

Тәрбиешілер: Ақбердиева Ж

2023-2024 оқу жылы

Білім беру саласы: Қоршаған ортамен танысу

Бөлімі: Экология негіздері

Тақырыбы: Қоқысты сұрыптап үйренейік

Міндеті : Балаларға қоқысты сұрыптау ұғымын түсіндіру, тазалыққа тәрбиелеу, табиғатты аялауға баулу.

Құрал-жабдықтар: Түрлі қоқыс суреттері (пластик, қағаз, органикалық), әртүрлі түсті қоқыс жәшіктері (қызыл, көк, жасыл), слайд/видео, ойын элементтері.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

- Амандасу, балалардың назарын аудару
- Қызығушылығын ояту (табиғаттың суретін көрсетіп, «табиғатқа не зиян келтіреді?» деген сұрақ қою)


II. Негізгі бөлім

- Қоқыс түрлерін таныстыру: пластик, қағаз, , органикалық
- Қоқыс жәшіктерінің түсімен сәйкестендіруді үйрету
- Слайд/видео көрсету: «Қоқыс қайда кетеді?»
- **Ойын:** «Қай жәшікке саламын?» (балалар суреттегі қоқысты тиісті жәшікке салады)

III. Қорытынды бөлім

- Балалармен сұрақ-жауап (нені үйрендік, не қызық болды?)
- Тазалық туралы балаларға тақпақ жаттату.
- **Қорытынды:** "Табиғатты таза ұстасақ, болашағымыз жарық болады!"

facebook



[Redacted text]

[Redacted text]

[Redacted text]

Балауса» кіші жас тобы

Тақырыбы:

«Қоқысты сұрыптап үйренейік» ойыны

Мақсаты: Балаларға көшеде, үйде, балабақшада тазалықты сақтауды үйрету. Қоқысты жинау кезінде сұрыптауды қалыптастыру.

«Тәрбиеші: Ақбердиева Ж



№1 «Акерке» бөбекжай-балабақшасының
менгерушісінің міндетін уақытша
атқарушы: Г. Жусупова



Бауда ма, бақшада ма?



«Балауса» кіші жас тобы

Тәрбиеші: Толыбай Ж

Қазалы қаласы 2024-2025 оқу жылы

Білім беру саласы: Қатынас, таным

Ұйымдастырылған ойын іс-әрекеті: Тіл дамыту, сенсорика, қоршаған орта

Ұйымдастырылған ойын іс-әрекет тақырыбы: «Бауда ма, бақшада ма?»

Мақсаты:

Балаларға жемістер мен көкөністер жайында білімдерін кеңейту. Жемістер мен көкөністердің аттарын атауға, ажырата білуге үйрету.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, топқа бөлу, сұрақ-жауап,

Қажетті құрал-жабдықтар: Бейне ролик, бау-бақша өнімдері, себеттер, топқа бөліну, шырын жасайтын құрылғы, дәмдеуіштер

Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбері:

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Қазір жылдың күз мезгілі

-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?

-Күн салқындай бастайды. Жеміс- жидектер, көкөністер барлығы піседі.

-Ендеше балалар, бізге Бағбан атай хабарласты. Күн салқындап келеді. Жемістер мен көкөністерімді жинауға көмек беріндерші деп. Атайға көмек беремізбе?

-Иә, атайға көмектесеміз.

- Балалар сендер Бағбан атайға қандай көкөніс пен жеміс жинап бердіңдер? Аттарын атайықшы?

-Алма,апельсин, алмұрт, жүзім. Жемістер

-қырыққабат,картон, жуа,қызанақ,қияр, асқабақ, аскөк, баялды.қауын,қарбыз.
Көкөністер

-Бізге бүгін Ерасылдың, Нұрахметтің, Ботакөздің аналары келіп отыр. Аналарымыз көкөніспен, жемістердің біздің ағзамызға қаншалықты пайдалы екенін айтып беретін болады. Олай болса, аналарымыздың қасына бөлініп барайық.

Негізгі бөлім.

1.«Жемістер мен көкөністер» Балалар бау-бақшадан әкелген көкөніс пен жемістерді ажыратады. Көкөністерді жапырағынан ажыратып тазартады. Жемістерді жуады. Аскөкті баулайды.

2. «Тәтті» шырын» Жемістерді Ерасылдың анасына апарып, бірге тәтті шырын жасауды үйренеді.

3. «Қауын қак жасайық» балалар қауынды Ботакөздің анасымен бірге қауынқактың жасалу жолдарын үйренеді.Қауынды тіліп,аша таякка іледі. Әбден кептіріп алған соң, қант қосылған сумен өрім кып өреді.

4. «Қияр мен қызанақ» Нұрахметтің анасымен бірге қыс мезгіліне арнап банкаға қияр мен қызанақ тұздауды үйренді. Қияр мен қызанақты жуып, тазалап, дәмдеуіштер қосып, банкаға жапты.

Сергіту сәті:

Ормандағы аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп, теріп аламыз,

Қалтамызға саламыз.

Д/о: «Дәмін тат»

Ойын шарты: Балалардың көздерін орамалмен жауып, жемістер мен көкөністердің дәмін татып, қандай жеміс пен көкөніс екенін ажырату керек.

Қорытынды бөлім:

-Балалар бүгін біз Бағбан атайға қалай көмектестік? Бау- бақтан нені жинадық?

-Балалар: Атаға көкөніс пен жемістер жинауға көмектестік.

-Балалар бүгінгі ойын іс-әрекетіне өте жақсы, белсенді қатыстындар, Жарайсындар балалар!

«Бауда ма, бакшада ма?»



«Бекітемін»

№1 «Ақерке» бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі

Г.Жусупова



Ғажайып көлік түрлері Сюжеттік драмалық ойындар

Тәрбиеші: Толыбай Ж

*Қазан қаласы
2024-2025 оқу жылы*

Тәрбиеші: Толыбай Жазира

«Балдәурен» ересек тобы

Тақырыбы: «Ғажайып көлік түрлері»

(Сюжеттік-драмалық) ойындар

Мақсаты: Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің атаулары, қызметтері мен ерекшеліктері туралы түсінік беру. Балалардың сөйлеу, ойлаудағыларын дамыту, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балаларды жолда жүру ережелерін сақтауға үйрету.

Әдіс тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап

Көрнекіліктер: Слайд, көлік түрлері, макеттер, жолдар, бағдаршам.

Кіріспе бөлім:

-Сәлеметсіңдерме балалар!

-Көңіл күйлерің қалай?

-Мен сендерге жұмбақ жасырамын, сендер жауабын айтасыңдар!

Жұмбақ

1. Құссияқтықүсемес,
Жүрсе де тымбиікте. (Ұшак)
2. Қоскүрекпенеседі,
Су көлігідеседі. (Қайық)
3. Кеудесіндежаныжоқ,
Тамырындақаныжоқ;
Май жейді,
Су ішеді.
Бұл не екенбалалар?
(Машина)
4. Тізбектелген көп үйлер,
Көшіпжүрген көк үйлер. (Поезд)

-Жарайсыңдар балалар!

Негізгі бөлім:

Көліктердің түрлерінажыратабілу. Слайд арқылы көрсетіледі.

- Балалар слайдқа қарап көліктердің түрлерінайтады.
- Ұшак, тікұшак, зымыран
- Кеме, қайық,
- Жеделжәрдем, өртсөндіру, жеңіл машина
- Трамвай, пойыз

-Балалар, жеделжәрдемкөлігікімдергеқызмет етеді.

-Ауырып қалғандарға.

-Жолполициясықандайқызметатқарады?

-Жол тәртібінқадағалайды.

-Өртсөндіретін машина қандайқызмет көрсетеді?

-Өрт болған жағдайда.

-Автобус, пойыз, ұшақ не үшін керек?

-Ұзақ сапарға шыққанда керек.

-Дұрысайтасындар, машина жүргізетінадамды кімдепатайды?

-Жүргізуші

-Пойыздыжүргізетінадамдыкімдепайтамыз?

-Машинист

-Ұшақтыкімбасқарады?

- Ұшқыш

Жарайсындарбалалар!

- Жолдажүру тәртібі не үшінқажет ?

Жол апаты болмау үшін.

Көшедегіқимыл- қозғалыстыреттеуүшін не қажетдепойлайсындар?

-Бағдаршам

- Бағдаршамтуралыкімтақпақбіледі?

Көліктер туралы тақпақ білеміз бе?

Раяна:

Қызыл көзінашқанда,

Сынықсүйембаспаалға.

Сары көзін ашқанда,

Қарап қалма аспанға.

Жасыл көзінашқанда,

Өтебергін жасқанба.

Сюжеттік-рольдік ойын: «Ғажайып көліктер»

Аю жолмен келе жатып, бағдаршамды байқап қалады да, қызық көріп, оны басып ойнайды. Көшедегі көліктер соқтығысып қала жаздайды.

Автобус жүргізуші:

- Мынау кім өзі?
- Көкетай ғой
- Көкетай бағдаршаммен ойнағаның не?
- Бағдаршаммен ойнауға болмайды ғой

Жол сақшысы:

-Жол ережесін неге бұзасың? Сенің кесіріңнен көліктер соқтығыса жаздады ғой. Жол тәртібін неге бұзасың?

Көкетай:

- Мені кешіріндерші. Мен байқамай қалдым. Бұл не өзі?
- Бұл бағдаршам ғой. Бағдаршаммен ойнауға болмайды ғой.
- Маған да жол ережесін үйретіндерші.
- Жарайды

Ойын тапсырма:

1. Ойын:«Көліктерді ажырат»

Шарты: балалар көліктерді жүргізушілеріне қарай ажыратады.

2. Ойын: «Әуеде, суда, жерде»

Шарты:Балалар, әуе, су, жол көліктерін ажыратып орналастырады.

3. Ойын: «Көлік құрастыру»

Шарты: Балалар картоннан көлік макетін құрастырады.

Қорытынды:

- Көліктің қандай түрлері болады?
- Адамға көлік не үшін қажет?
- Жолда жүру тәртібі не үшін қажет?
- Не құрастырдыңдар, балалар?

Жарайсындар, балалар!

Балаларды мақтау-мадақтау.

Ғажайып көлік түрлері Сюжеттік драмалық ойындар

